

**«Қазақстанның болашағы салт дәстүріміз. Халық дәстүрлері  
- асыл қазына»**

**Береке Ансар Талғатқызы**

Абай облысы, Семей қаласы «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық  
колледжінің» 2 курс студенті.

**Ғылыми жетекшісі:** Маханбет Ақмарал

Педагогика ғылымдарының магистрі,

«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»

«Педагогика және психология» пәнінің оқытушысы

Абай облысы, Семей қаласы.

**Аңдатпа.** Халқымыздың ата салтын адам баласының ғана игілігі үшін пайдаланып қоймастан, оны қоршаған ортаға қатысты қолдану арқылы өздерінің өмір салтын берік ұстанғанына көз жеткізеді. Қазақтың қанатты сөздерінде халық дәстүріне байланысты: «Алты жыл аш болсаң да, ата салтыңды ұмытпа» Қай заман болсын адамзат алдында тұратын басты міндет – адал, білімді, еңбек сүйгіш ұрпақ тәрбиелеп өсіру. Бұл міндетті әр халық салт-дәстүріне орай іске асырады. Яғни әр халық ғасырлар бойы сыннан өтіп, сұрыпталған озық салт-дәстүрлерін жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланып келген.

**Аннотация.** Они следят за тем, чтобы наши люди придерживались своего образа жизни, применяя его к окружающей среде, а не только на благо человечества. В казахских поговорках, связанных с народной традицией: «Хоть шесть лет будешь голодать, не забудь свою родовую традицию». Эта обязанность исполняется согласно обычаям каждого народа. То есть каждый народ использует в воспитании молодого поколения передовые традиции, проверенные и отобранные веками.

**Annotation.** They make sure that our people stick to their way of life, applying it to the environment and not just for the benefit of humanity. In Kazakh sayings associated with folk tradition: “Even if you starve for six years, do not forget your ancestral tradition.” This duty is fulfilled according to the customs of each nation. That is, every nation uses advanced traditions, tested and selected over centuries, in educating the younger generation.

**Түйінді сөз:** Салт-дәстүр, халық, ата-баба, өсиет, тәрбие, ұрпақ, ұлттық мінез, ұлттық сана-сезім, мәдениет, тарих.

**Ключевые слова:** Традиции, народ, предки, завещание, воспитание, поколение, национальный характер, национальное сознание.

**Key words:** Traditions, people, ancestors, testament, upbringing, generation, national character, national consciousness.

Салт-дәстүр — әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы.

Салт— кәсіпке, сенімге, тіршілікке байланысты әдет - ғұрып, дәстүр. Ол ұрпақтан - ұрпаққа ауысып отырады. Уақыт өткен сайын салтқа өзгеріс еніп, өзгеріп, қоғамға байланысты бейімделіп келеді. Жаңа қоғамдық қатынасқа сай келмейтін дәстүрлер ығысып, өмірге қажетті жаңалары дамып отырады. Салт-дәстүрдің озығы мен тозығы.

Әр нәрсенің екі жағы болатыны сияқты, салт – дәстүрлеріміздің де озығы мен тозығы жетерлік. Озығы бар деген ұғымға қоғам дамуына кедергі келтірмейтін кейбір әдет-ғұрыптар жататын. Мәселен, үлкен кісіге ізет көрсетіп, сәлем беру, сөзін бөлмеу, өтірік, мақтаншақтықты қолдамау, отбасына берекелі болу, араласып жүргендермен дұрыс қарым-қатынас жасау, т.б. Қазіргі заманға дейін жетіп, әлі күнге қолданыста жүрген, әдет-ғұрыптармен бірге, уақыт ағынымен қалып қойған, көне, қазірде көп қолданысқа енбеген дәстүрлер де бар. Әрбір халықтың өзіне тән салт – дәстүрлері, әдет – ғұрыптары, халық ауыз әдебиеті, мәдениеті, тәрбиелік ұстанымдары бар. Міне, осы асыл қазынамыз бізге ұрпақтан ұрпаққа сан ғасырлар бойы аманат ретінде ұласып, ұлттық болмысты жоғалтпай, өзгелерден ерекшелеп тұратын айна секілді. Бізде өз кезегімізде бұл құндылықтарды қастерлеп, келер ұрпаққа осы күйінде жеткізуіміз керек.

Ата дәстүрін ардақтау – қазақтың халық педагогикасының ұлттық ұжданы. Дәстүрді педагогикамен байланыстыра отырып, келер ұрпаққа саналы білім бере аламы. Егер берген біліміміз жүйелі болсын десек «**Этнопедагогика**» пәнін оқытуымыз керек. Ол бізге «**ұлттық мінез**», «**ұлттық тәрбие**», «**ұлттық сезім**» деген терминдердің мәнін ашады.

**Ұлттық мінез** - адам мінезімен іс әрекетінен көрінетін тұрақты құбылыс. Ұлтқа тән темперамент психикалық рухани сапасымен ерекшеленіп көзге түседі.

**Ұлттық тәрбие** - Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі.

**Ұлттық сезім** – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу.

Ұлтына сүйіспеншілікпен қараған адамның болашағы жарқын. Ал сол ұлттың ұлт болып қалыптасуы ата салтты биік ұстауына байланысты. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып атадан балаға қалып отырған мол мұра. Халқымыздың салты десек «Абай жолы» романын айта аламыз. Ғалым Қаныш Сәтбаев "**Абай жолы**" – қазақ өмірінің жарты ғасырлық энциклопедиясы" деп анықтама берген. Әуезов Абай өмірін шығармаға өзек ете отырып, сол тұстағы халықтың өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, дәстүрін терең қамтып зор шыншылдықпен көз алдымызға әкелді. Үш жыл оқып елге келе жатқан 12-13 жастағы баланың 60 жасқа жуықтағанға дейінгі өмірін оқып отырып, Абаймен бірге ғұмыр кешкендей әсерде боласыз. Ғалым Қаныш Сәтбаев "**Абай жолы**" – қазақ

өмірінің жарты ғасырлық энциклопедиясы" деп анықтама берген. Әуезов Абай өмірін шығармаға өзек ете отырып, сол тұстағы халықтың өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын, салт-санасын, әдет-ғұрпын, дәстүрін терең қамтып зор шыншылдықпен көз алдымызға әкелді. Үш жыл оқып елге келе жатқан 12-13 жастағы баланың 60 жасқа жуықтағанға дейінгі өмірін оқып отырып, Абаймен бірге ғұмыр кешкендей әсерде боласыз.

Олай болса біз шығармадағы салт – дәстүрді жинақтай келе мынадай түрлерге бөле аламыз:

**Неке мен үйленуге қатысты салт-дәстүрлер:** құдалық, келінге жасау, қалың мал, қыз айттыру, тайтұяқ жамбы, бесік жамбы, күйеу киімі, шашу, шымылдық тұту, бас құда, ілу, ілу басы, есік көре келу, ұрын келу (ұрын той), жыртыс сала келу, үкі тағу, қайындату, қара мал, жыртыстың пұл матасы, қайын жұрт, күйеуді киіндіру, бата беру, қол ұстату, шиш сипар, етік тартар, кит кигізу, құда-құдағи, жаушы.

**Өлімге қатысты салт-дәстүрлерді білдіретін сөздер:** қара тігу, жаназа, хабаршы, қырық жетісі, қара жығу, жоқтау, өлімді күту, жерлеу, мәйітті жөнелту, торқалы той, топырақты өлім, қаралы үй, қой тұяқ, тайтұяқ, азаға салу, аруағына арнау, тұл ат, көрісу, қаралы ту, қаралы мал, підия, қаралы туды жығу.

**Қонақ күтуге қатысты салт-дәстүрді білдіретін сөздер:** қонақасы, сыбаға, базарлық, ұйқыашар, табақ тарту, сауын айту, кісі күту, ас беру, соғым сою, мал сою, бөжейдің асы, сәлем-сауқат, қоржын, дәм татқызу, тоғыз-тоғыз сый, ерулік.

**Сауық-сайран, қуанышты білдіретін сөздер:** бастаңғы, көрімдік, саятшылық, сәлем бере келу.

**Туыстық салт-дәстүрді білдіретін сөздер:** бауырына салу, сүндетке отырғызу, сүндет той, әмеңгерлік, аунату.

"Абай жолы" тілі – әр қырынан, әр ыңғайда алып зерттейтін, сан салалы, күрделі құбылыс. Онда қазақ тілінің байлығы, сарқылмас мүмкіндігі, ғасырлар бойына қалыптасқан сөздік қорының арғы-бергі, қат-қабаты барынша мол қамтылған. Төрт кітаптан тұратын бұл шығармада осы күнгі сөздіктерден кездесе бермейтін тіл құбылыстары жиі ұшырайды. Абай тұсында болған ас, той, құдалық, ат шабыс, күрес, айтыс, құс салу, салдық құру, ит жүгірту, өліктің артын күту, қаралы болу, бата оқу, аза салу, ас беру, құда түсу, кит кию, ұрын бару, қыз ұзату, ілу жасау сөздері – бір дәуірдің этномәдени ситуациясын көрсететін тілдік түсініктер.

Міне осындай керемет салт – дәстүрлері бар шығарманы оқу арқылы біз болашағымызды елестете аламыз. Тек қана Абай жолы емес сонымен қатар «Ұрпағым саған айтам...», «Ата салтыңды аяла», «Қазақтың салт -

дәстүрлері мен әдеп ғұрыптары» т.б. кітаптарды оқу арқылы ұрпақтың санасын оятып, психологиясын ұлтжанды етіп тәрбиелеу аламыз.

Жастардың көбісі біле бермейтін салттардың бірі:

### **Ерулік беру.**

Ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, бауырларының бірі туған-туыстарына жапсарлас келіп қонса, көрші-көлемі немесе жақындары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіреді, табақ тартып, қонақасы береді. Бұл салтты ерулік деп атайды. Осылайша қазақтар танысын, танымасын бір-бірін бөтенсімей, өз ортасына тарта білген.

Ұмыт болып бара жатқан салттар:

**Жылу жинау-** Бір бақытсыздыққа ұшырағанында, үй мүлкі, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, көрші-көлемі, туған-туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді. Мұны олардың ор тасынан бір адам ұйымдастырады. Бұл жәрдем – жылу жинау деп аталады. Арам жолмен шығынға ұшырағандарға жылу жиналмайды. Олар: дүние-мүлкін қартаға салып ұтқызып жібергендер, зинақорлыққа салғандар, ішіп құртқандар, қоғамның, мемлекеттің дүние-мүлкін жеп қойғандар.

**Мойнына бұршақ салу-** Ертеде баласы жоқ адамдар мойнына көгеннің бұршағын салып Құдайдан перзент сұрап жалбарынған, жылаған. Мойынға бұршақты бала тілегенде ғана салады.

**Ат тұлдау-** Ер адам қайтыс болғанында мініп жүрген атының жал-күйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды.

**Балдыз қалың.** Кейде қалыңдық қайтыс болатын жайлар кездеседі. Мұндайда қалың малын төлеген болса, онда сол үйдің екінші қызын алуға құқы бар. Егер ер жігіт қалыңдығына ұрын барып, ол үйдің басқа қызы болмаса төлеген малдың жартысы қайтарылады. Егер бұрынғы қалыңдығына ұрын барған күйеу енді балдызын алатын болса, онда бұрынғының үстіне «балдыз қалың» төлеуге тиіс. Оған түйе бастатқан бір тоғыз қосылады. Күйеу бұрынғы қалыңдығына ұрын келмеген болса «балдыз қалың» төленбейді.

Ұсыныс: Қандайда ұлт болмасын өз халқының мәдениеті мен тарихын дәрептей білуі керек. Сол дәстүріміз дәріптелуі үшін саналы ұрпақ тәрбиелеу керек, саналы ұрпақты тәрбиелеу дегеніміз ол ата салтты биік ұстау. Біздің мақсатымыздың ең маңызды бір бөлімі тарих қойнауында жатқан салтымызды дәстүрімізді әдептерімізді ғұрыптарымыздың мәнін ашу ал оның мәні мәдениетімізде. Егер шығармаларды оқысақ, ата әжелерімізбен пікірталас ұйымдастырсақ дүниетанымымыз кеңейеді. «Бүгінгі күн ертеңгі тарих» осы ұстанымды ұстап салтымызды көбірек қолданар болсақ, келер ұрпақ Қазақстанның көркейуіне өз үлестерін қосады.

Қорытынды: Ата-бабамыздың салт-дәстүрлерін мақтан тұтамын. Халық-қалың орман, әрі пана, әрі қорған", - деп Қ.Мырзалиев ағамыз жырлағандай, әр халықтың өзінің кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын салт-дәстүрі

болады. Халықтық салт – дәстүр, мәдениет құндылығы – халық қазынасының озығын, ақылды да әдепті жан – жақты жетілген патриоттық сезімдегі азамат тәрбиелеуде пайдалансақ, қателеспейміз. Жан – жақты ел тарихын білетін, Отанын сүйетін, заман талабына сай оқушылар мен жастарды тәрбиелеу бүгінгі күн талабы! Тәрбие біздің қасиетті салттарымызға байланысты. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерді жаңғыртуды көздеп отыр . Әр мемлекеттің көркі дәстүр салтына байланысты. Сондықтан қазақтың асыл мұраларын көзіміздің қарашығындай сақтап келешек ұрпаққа жалғастырып отыруымыз қажет. Еліміз салт-дәстүрге бай болсын дегім келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

«Педагогика және психология» кафедрасы Айджанова З.Ж. А.К. Айтбаева.  
«Этнопедагогика», «Ұрпағым саған айтам...», «Ата салтыңды аяла», «Қазақтың салт -  
дәстүрлері мен әдеп ғұрыптары»